

Жуалы ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 35-14 Шешімі. Жамбыл облысы Жуалы аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарында № 6-4-99 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 маусымдағы № 6-3 Шешімімен

Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 маусымдағы № 6-3 шешімімен

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жуалы ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері бекітілсін.

2. «Аудандағы тұрмысы кедейшілік шегінен төмен отбасыларына коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін біржолғы материалдық көмек көрсету Тәртібін бекіту туралы» аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 30 наурыздағы № 98 шешімінің (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1607 болып тіркелген, 2005 жылғы 23 сәуірде № 35 аудандық «Жаңа өмір» - «Новая жизнь» газетінде жарияланған) күші жойылды д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының тәрағасы

A. Елекбаев

Жуалы

2010

№ 35-14 шешімімен бекітілген

E. Аманбеков

аудандық

жылғы

24

Аудандық мәслихат

хатшысы

мәслихатының

желтоқсандығы

Жуалы ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жуалы ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері (әрі қарай - Ережелер) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына (әрі қарай - Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесі) сәйкес әзірленген.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет есебінен Жуалы ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

Тұрғын үй көмегі өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы қызметтерді жеткізушилер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау үәкілдегі органмен – «Жуалы ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

4. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді пайдаланған үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Отбасының шекті жол берілетін шығыстардың үлесі отбасының жиынтық табысының 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасының жиынтық табысы атаулы әлеуметтік көмек туралы заңнамасымен айқындалған тәртіpte есептеледі.

5. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын жайы (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға тапсыратын табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Мүгедектерді, магистратураны қоса алғанда, күндізгі оқыту нысанында оқитын оқушылар мен студенттерді, тындаушылар мен курсанттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, он алты жасқа дейінгі бала кезінен мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан адамдарды, үш жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі үәкілдегі органдарда тіркелемеген, еңбек істеуге қабілеті болса да жұмыс істемейтін адамдары бар табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) уәкілетті органға отініш береді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй көмегін көрсетудің ережелерінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттар салыстыру үшін көшірме және тұпнұсқада ұсынылады, одан кейін құжаттардың тұпнұсқалары отініш берушіге қайтарылады.

7. Тұрғын үй көмегінің мөлшері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға жұмсалатын жарналар, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның қалалық желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге кеткен нақты шығындардың сомасынан асырыла алмайды.

8. Тұрғын үй көмегін алушы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуден өткізген жағдайда, есеп кондоминиум объектісінің қатысушыларының тіркелген үлесіне сәйкес жүргізіледі. Өтемақыны өтеу ағымдағы немесе күрделі жөндеудің бір түрі бойынша біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар он күн ішінде қандай да болсын тұрғын үй меншігі нысандарының, отбасы құрамының, жиынтық табысының өзгергендері туралы және тұрғын үй көмегі мөлшеріне әсер ететін басқа да факторлар туралы, сондай-ақ, тұрғын үй көмегін дұрыс емес есептеген жағдайда уәкілетті органға хабарлайды.

10. Тұрғын үй көмегінен заңсыз алынған сомалар алушымен ерікті тұрде, ал бас тартқан жағдайда – сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

11. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде келесі өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының және коммуналдық қызметтерді тұтынудың нормалары ескеріледі:

1) өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормалары:

жеке басты азаматтар үшін – 30 шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтердің мөлшерінен аз емес және нақты алып жатқан алаңынан артық емес; екі және одан да көп адамнан тұратын – отбасының әр мүшесіне 18 шаршы метр, бірақ нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

2) электр қуаты нормалары (бір айда):

бірден бес адамға дейінгі отбасына – отбасының әрбір мүшесіне 50 киловатт;

бес және одан да көп мүшелі отбасына – 200 киловатт;

3) газ нормалары (бір айда):

газ жылдыту пеші бар болғанда (1 шаршы метрге) - 7,88 текше метр;

газбен ас дайындау пеші бар болғанда (отбасының әрбір мүшесіне) - 22 текше
м е т р ;

сүйбытылған газ бар болғанда (отбасының әрбір мүшесіне) – 8,2 килограмм;
4) қатты отын нормалары (жылыту мерзімінде) - 75,75 килограмм 1 шаршы
метрге.

3. Тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі

12. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін
төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

4. Қорытынды ережелер

13. Осы Ережелермен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының
қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.